

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Рудный қаласы білім бөлімінің  
№1 Қашар жалпы білім беретін мектебі» КММ  
2021 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы іс – шаралар туралы  
есеп беру ақпараты**

Қызмет көрсетуші Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің №1 Қашар жалпы білім беретін мектебі» КММ.

Орналасқан жері: Қашар к., 1 ықш., 26/1 үйі. Байланыс телефоны: 2 – 07 – 56

№1 Қашар жалпы білім беретін мектебі баламалы және баламасыз негізде **7 мемлекеттік қызмет** көрсетеді. 2021 жылы мектепте барлығы **307** мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде **277** қызмет электронды түрде **90,2%**, қағаз түрінде 30 қызмет **9,7%** құрайды.

№1 Қашар жалпы білім беретін мектебінде **7 мемлекеттік қызмет** көрсетіледі:

| № | Мемлекеттік қызмет атауы                                                                                                                                                                                     | Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілі                                                                                                                                             | Ақылы/тегін |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| 1 | Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау                        | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді, «электрондық үкімет» веб-порталын ұйымдару                                                                                    | Тегін       |
| 2 | Аз қамтылған отбасы балаларының саяжайда және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуын қамтамасыз ету үшін құжаттарды қабылдау                                                                                  | Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандар мен қалалардың жергілікті МИО, білім беру ұйымдары, «электрондық үкіметтің» веб-порталы | Тегін       |
| 3 | Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсаттар беру.                                                                                                                  | «Электрондық үкіметтің» веб-порталы                                                                                                                                                | Тегін       |
| 4 | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары, «электрондық үкіметтің» веб-порталы                                                                                    | Тегін       |
| 5 | Білімі туралы құжаттардың телнұсқасын беру                                                                                                                                                                   | «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, Мемлекеттік орган                                                                                                          | Тегін       |
| 6 | Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар мен тәрбиеленушілердің                                                                                                                                            | Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент                                                                                                               | Тегін       |

|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                               |       |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
|   | жекелеген санаттарын тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін құжаттарды қабылдау                                                                                                                                                                                                                                                        | қалаларының, аудандар мен қалалардың жергілікті МИО, білім беру ұйымдары, «электрондық үкіметтің» веб-порталы |       |
| 7 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттау үшін құжаттарды қабылдау. | «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, Мемлекеттік орган                                     | Тегін |

Барлық мемлекеттік қызметтер бекітілген мемлекеттік стандарттар мен ережелерге сәйкес көрсетіледі. Қызмет алушылар тарапынан шағымдар түскен жоқ. Барлық мемлекеттік қызметтер уақытылы көрсетілді. «Электрондық үкімет» порталы арқылы келіп түскен мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер белгіленген мерзімде өңделеді.

#### **Білім беру саласындағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:**

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және қабылдау, **2021 жылы мектеп кеңсесі арқылы 23 қызмет қамтамасыз етілді, электронды түрде – 188 қызмет.**
2. Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін құжаттарды қабылдау – **2021 жылы 68 қызмет көрсетілді.**
3. Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау – **2021 жылы 6 қызмет көрсетілді.**
4. Білімі туралы құжаттардың телнұсқасын беру – **2021 жылы 6 қызмет көрсетілді.**
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттау үшін құжаттарды қабылдау – **2021 жылы 16 қызмет көрсетілді.**
6. Аз қамтылған отбасы балаларының саяжайда және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуын қамтамасыз ету үшін құжаттарды қабылдау – **2021 жылы 0 қызмет өрсетілді.**

Әлеуетті көрсетілетін қызметті алушылар білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты келесі сайттардан ала алады: <http://adilet.zan.kz>, [rudoo.edu-kost.kz](http://rudoo.edu-kost.kz), [rudny.kostanay.gov.kz](http://rudny.kostanay.gov.kz), сонымен қатар мектепте мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат бар ақпараттық стенд орнатылған.

Мектепте 9-11 сынып аралығындағы балалармен «Ақпараттану» және «Адам және құқық» сабақтарында электронды порталдың функционалдығын пайдалану, атап айтқанда, мемлекеттік қызметтерді алу бойынша сабақтар жүргізілуде. Мектепте ата-аналар қауымдастығымен және

мұғалімдермен электрондық мемлекеттік қызметтерді танымал ету бойынша іс-шаралар өткізілуде. Мектеп білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мақсатында бұһаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасайды.

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қолжетімді ету үшін кедергісіз қолжетімділік үшін жағдай жасалған. Мектеп мыналармен жабдықталған: стационарлық пандустар, тактильді белгілер, жолдар, пиктограммалар, тақтайшалар, баспалдақ белгілері сияқты қолжетімділік белгілері.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту мектеп директорының үнемі бақылауында.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары бойынша мәліметтер: шағымдар жоқ.

2) Мектептің мемлекеттік қызмет көрсету сапасы туралы мәселе директордың қатысуымен өткізілетін кеңестерде қаралады.

3) Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына жүргізілген ішкі бақылау нәтижелері:

- Барлық мемлекеттік қызметтер мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі.

- Тексерілген кезеңде құжаттар топтамасы толық емес мемлекеттік қызмет көрсету фактілері **анықталған жоқ.**

- Көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен реттелмеген құжаттарды талап ету фактілері **анықталған жоқ.**

- Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттар **орнатылмаған.**

- Мектеп мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарында белгіленген жұмыс кестесін **сақтайды.**

- Қарастырылып отырған кезеңде мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу фактілері **тіркелген жоқ.**

- Тексерілетін кезеңде көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша мектеп лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдармен **жүгінбеген.**

4) Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижелері: мониторинг жүргізілген жоқ.